

Жоғарыдағыларды қорытындылай келе агроқұрылымдарды ірілендіру: қазіргі заманғы жоғары өнімді, бір кезеңде бірнеше операцияны орындайтын, кең қанатты агрегаттарды қолдануға, еңбек өнімділігін, өнімді арттыруға және шығындарды қысқартуға өндірістік-экономикалық мүмкіндік туындатады.

1. Н.Ә. Назарбаев. “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” Халыққа Жолдауы // Егемен Қазақстан, №34-35, 30 қаңтар 2010.
2. ҚР “Шаруа (фермер) қожалықтары туралы” Заңы. - Алматы – Юрист – 2003.
3. ҚР “Ауыл шаруашылығы еріктестіктері және ассоциациялары (одақтары) туралы” Заңы: Алматы – Юрист – 2003.
4. А.В. Чаянов., “Крестьянское хозяйство”. Москва – Экономика – 1989.
5. Б.Серіков., “Мақта саласында агроқұрылымдарды оңтайландыру (ірілендіру) және типтік шаруашылық моделінің ұйымдық-экономикалық негіздері”. Алматы: Ernurprint, 2008.

* * *

Укрупнение мелкотоварных агрообразований создает объективные производственно-экономические условия для применения современной высокопроизводительной техники, повышения урожайности и сокращения затрат, а в конечном счете повышения производительности труда 1,8-2,0 раза.

The Integration of small-scale agroproductions creates objective production-economic conditions for crushing the large powered technology, increasing to productivities and reductions of the expenses, and in final count of increasing to capacity of the labour 1,8-2,0 times.

ӨӨЖ 631.10

СУАРМАЛЫ ЖЕРЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУДА ИННОВАЦИЯ-ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ КЕПІЛІ

Серіков Б.

“Сырдария” университеті

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” атауымен 29 қаңтар 2010 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы агроөнеркәсіп кешенді дамытудың жаңа стратегиясын айқындап берді. Бұл стратегия үш бағытта жүзеге асырылуы көзделген [1]:

- Агроөнеркәсіп кешенінде еңбек өнімділігінің 2014 жылға қарай кем дегенде екі есеге арттыру;
- 2014 жылға қарай азық-түлік тауарлары ішкі рыногының 80 %-дан астамын отандық тағам өнімдері құрауы тиіс;
- жаңа рыноктарға жол ашу және игеру жолымен экспорттың әлеуетті жүзеге асыру.

Жолдауда өткен кезеңде аса көңіл бөлінбей жүрген жалпы экономиканың, оның ішінде халықтың өмір сүру деңгейін, ауыл шаруашылығы өндірісінің жағдайын тағы басқаларды бағалауда маңызды экономикалық категория еңбек өнімділігін арттыру мақсаты қойылғаны қуанарлық жағдай.

Қазақстанның Оңтүстігінде мақта кешенінің даму тарихы қуаң және тәлімі жерлерді суландырумен тікелей байланысты. Бұл өңірдің өндірістік күштерінің даму әлеуеті, халықтың әлеуметтік-экономикалық ахуалы рыноктық қатынас жағдайында жердің көлеміне және құнарына тікелей байланысты болып, маңыздылығы арта түсті. Суармалы жерлердің басқа жерлерге қарағанда өзіндік артықшылығы бар.

Агроөнеркәсіп кешенінде еңбек өнімділігін арттырудың басты бағыты суармалы жерлердің өнімділігін арттыруға бағытталуы ең тиімді жол.

К.Маркс суармалы жердің артықшылығын былай жазған: «Суармалы емес жермен салыстырғанда, бірдей жер көлемінде он-он екі адам көп жұмыспен қамтылады және олар он екі немесе он бес есе көп пайда алады» [2].

Суармалы жерде негізінен техникалық дақылдар, көкөніс, бау-бақша, картоп, тағы басқа азық-түлік, қоғамдық тұтыну тауарларының қорын нығайтуға бағытталған салалар өндірісі ұйымдастырылған.

Тәлімі жерлерді суландыру қуаңшылыққа қарсы күрестің басты шарасы, жердің экономикалық құнарын арттырады, табиғаттың қуандығына қарамастан кепілдігі жоғары және сапалы өнім алуға өндірістік-шаруашылық мүмкіндік жасалады.

Біздің пікіріміз бойынша суландыру - құнарсыз қуаң даланы халық игілігіне пайдалануға, табиғатты жаңартуға оны адам тіршілігінің жоғарғы тиімді «таусылмас қорына» айналдыруға, әлеуметтік-экономикалық тұрмысын жақсартуға бағытталған шаруашылық - экономикалық шара.

Суармалы жерлердің басқа ауыл шаруашылығында пайдаланылатын жерлерге қарағанда өзіндік ерекше артықшылықтары бар:

- жоғары табысты техникалық, азық-түліктік дақылдарын өсіру және мамандандыру мүмкіндігі;

- капиталды шоғырландыру арқылы индустриалды - инновациялық технологияны өндіру, тыңайтқыштарды пайдалану тиімділігін еселеп арттыруға болады;

- бағдарлама бойыша өнім алуға, инновациялық жетістіктерді қолдану мүмкіндігі жасалады: тамшылатып суару, қоректендіру, биотехнология мен биоконтейнер сияқты жаңа технологияны өндіруге қолайлы және қайтарымы жоғары, кепілді;

- жалпы табыстың, пайданың және пайдалылық деңгейінің тұрақтылығы;

- рыноктық қатынастар жағдайында сұранысқа ие, бәсекелестікке қабілетті тауарлар өндіру әлеуеті жоғары;

- агроқұрылымдардың экономикалық тиімділігінің және бәсекелестікке қабілеттілігінің жоғарылығы, тұрлаулы даму мүмкіндігі;

- суармалы өңірлерде экологияны және ағын сумен қамтамасыз етуді жақсарту, көгалдандыру, абаттандыруды жүзеге асыру мүмкіндігі;

- ауыл тұрғындарын инфрақұрылымдармен қамтамасыз ету және әлеуметтік хал-ахуалын жақсарту әлеуетінің жоғарылығы.

Орта Азия рыноктық экономика ғылыми-зерттеу институтының әдіснамасы бойынша есептеулеріміз Қазақстанның оңтүстігінде суармалы жерлердің 1 га алынатын өнімнің орташа табыстылығы салыстырмалы түрде жоғары: суармалы жерлерде – 142,5 мың теңге, шартты-суармалы – 31,4 мың, тәлімі – 22,6 мың, таулы аймақтағы жайылым – 1,4 мың теңге. Суармалы жерлердің табыстылығы тәлімі жерлермен салыстырғанда 6,3 есе артық [3].

Г.И.Калымулованың және басқа авторлардың зерттеулері бойынша суармалы жерлерде дәнді дақылдардың тиімділігі 3,5 есе, ал техникалық дақылдардың (мақта, қант қызылшасы, темекі т.б.) 5,2–7,4 есе артық. Бұл дақылдардың пайдалылық деңгейі 29,8–50,6% дейін жоғарылаған [4].

Суармалы жерде агросекторды тиімді мамандандыруға, ауылшаруашылық дақылдарын орналастыруға және капиталды шоғырландыруға болады, кооперация жолымен шаруашылық ұйымдастырудың әлеуеті артады.

Өндірісте индустриалды, ғылыми негізделген егіншілік жүйесі, жаңа техника мен технологияны, инновациялық қызметтерді кең қолдану мүмкіндігі бар. Сонымен қатар отырықшы жаңа экономикалық өңір халықтың тез өсіміне қажетті әлеуметтік нысандар, коммерциялық жүйелерін құруға қолайлы. Еңбек ресурстарын пайдаланудың өнімділігі артады.

Қазақстанның оңтүстігінде ондаған ирригациялық және мелиорациялық- инженерлік су жүйелерімен қамтамасыз етілген егістік 511,7 мың га (01.01.2005 ж.), соның ішінде тұрақты пайдаланатыны 425,5 мың га. Жалпы пайдаланылатын су көлемі 8,5 млрд. текше метр. [5].

Жалпы суармалы егістіктің тұздалған көлемі – 249,2 мың га, аз тұздалғаны – 6,8 мың га және басқа жерлер – 31,6 мың га. Бұл көрсеткіштер суармалы жердің құнарына кері әсер етеді, жердің құнарының төмендеу тенденциясы байқалады. Зертханалық зерттеулер бойынша қара шірінді (гумус) мөлшері 1,18 % құрайды.

Соларды ішінде ең ірілері «Достық» магистралды каналы, ұзындығы 113 км, су өткізу қабілеті 250-280 текше метр/сек., Арыс-Түркістан каналы, ұзындығы 47,7 км, су өткізу қабілеті 200 текше метр/сек, Қызылқұм, ұзындығы – 96,0 км, су өткізгіш қабілеті 180-200 текше метр/сек. Облыста 28 су қоймасы бар [6]:

Шардара су қоймасының сыйымдылығы 5,3 млрд. тм/сек., Көксарай су реттеу қоймасы 3,0 млрд. тм/сек., Бөген су қоймасы 350 млн. тм/сек., Бадам су қоймасы – 64,5 тм/сек., Қосқорған – 37,0 млн. тм/сек. [6].

Оңтүстік Қазақстан облысында суармалы жер көлемі жалпы егістік жердің 21,0% құрайды, ал беретін өнімі агросектордың жалпы өнімінің 80,0% тең. Суармалы жердің жартысынан артығы мақта кешенінде пайдаланылады.

«Достық» каналы – Мақтаарал, Арыс-Түркістан су жүйесі: Түркістан, Отырар, Қызылқұм каналы: Шардара, Арыс, Зак-Келес су жүйесі Сарыағаш аудандарында барлығы 350,0 мың га суармалы жер ауыл шаруашылығында пайдаланылады.

Табиғи ресурстарының қолайлылығына байланысты Қазақстан Республикасының Оңтүстік Қазақстан облысы ТМД аумағында еңбек бөлуде Орталық Азия және Өзбекбайжан мемлекеттерінің қатарында мақта саласына мамандандырылып өндірістік күштері дамыған.

Қазақстан Республикасында мақта өндірісі 1940 жылмен салыстырғанда 5,0 есеге артқан, ТМД мемлекеттерінің арасындағы үлесі 4,2%-дан 6,8%-ке дейін өскен, басқа мемлекеттердің жалпы өнімдері, үлестері қысқарған.

Қазіргі ТМД мемлекеттері бойынша шитті мақтаның өнімі 10,8 ц/га ден 1976-1980 жылдары 28,1 ц/га артқан, яғни 2,6 есеге. Бұл көрсеткіш Өзбекстанда – 2,0, Қазақстанда – 3,3, Өзербайжанда – 3,3, Қырғызстанда – 1,9, Тәжікстанда – 1,9, Түркменстанда – 1,6-ға тең [7].

Рыноктық қатынастар жағдайында агроөнеркәсіп кешенінің соның ішінде мақта өндіру, өңдеу және өткізу үдерісінде еңбек өнімділігін арттыру бұл саланың бәсекелестікке қабілеттілігін арттырудың басты жолы. Осы бағытта мақта өндірісін жаңа көзқараспен сараптау, жаңа қағидаларға негізделген технологияны өндіру тиімді. Сондықтан индустриалды технологияны және инновациялық қызметтерді кеңінен өндіру мақсатында алыс және жақын шетелдер: АҚШ, Израиль, Қытай және Өзбекстанның ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибесін мақта өндірісіне өндіру болып табылады.

АҚШ-тың Аризона штатында 5000 га мақта алқабын тамшылатып суару жүйесі құрылған, табиғаттың қолайсыз жағдайына қарамастан 1 га 20 ц талшық алынған. Тыңайтқыштар, гербицидтер, фунгицидтер суару жүйесі арқылы беріледі, басқару автоматтандырылған. Сонымен қатар жылжымалы тамшымен жаңбырлату, жүйекпен суаруды жетілдіру, ұялап, жүйек арасына себуди қолдану ағын суды 70 %-ке дейін үнемдеген.

Осыған ұқсас технология 2009 жылы Ордабасы ауданы, Қараспан елді мекенінде 60 га жерге ҚХР технологиясымен мақта өсіру тәжірибесінде қолданылды. Бұл технология қазіргі қолданыстағы технологиядан артықшылығы, ғылым мен инновацияның жетістіктері және түбегейлі жаңа қағидастар негізінде ұйымдастырылды:

- мақта өсіру және баптау тамшылатып суару жүйесіне негізделген;
- мақта алқабы арамшөптерге қарсы және ылғал сақтау мақсатында полиэтилен пленкамен жабылады;
- мақта өсірудің вегетациялық кезеңінде трактормен және қолмен баптау жұмыстары жүргізілмейді;
- өсімдікті қоректендіру минералды тыңайтқыштар ертіндісі түрінде тамшылатып суару жүйесімен жүзеге асырылады.

Жаңа технологияға инвестиция мөлшері жалпы сомасы 150.000 АҚШ долларын құраған, бұл қаржы төмендегі технологиялық жабдықтарды сатып алуға жұмсалған:

- тамшылатып суару жүйесінің магистральды және таратушы иілмелі құбырларын;
- автоматтандырылған қоректендіру жүйесін;
- тамшылатып суарудың жүйекаралық полиэтилен түтіктерін;

Барлық жабдықтар арнайы пульт арқылы автоматтандырылған жүйемен басқарылады.

Өндірістік - эксперимент нәтижелерін экономикалық сараптаулар төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

1 га егістікке инвестиция мөлшері 2500 АҚШ долларына тең, соның ішінде негізгі өндірістік қорлар – 2350, айналма құралдар – 150 АҚШ доллары. Айналма қорға мақта алқабын да қолданылатын полиэтилен пленка 1 га 40 кг, жүйек арасына жатқызылатын түтіктер 1 га 180 п/метр.

Себілген селекциялық сорт С4727, схемасы: 60*2*7,5, жүйек арасы 60 см, аралығы 15 см. қос қатар, 1 га 230–240 мың түп өсімдік орналасқан.

Жаңа технологияның негізгі артықшылықтары табиғи материалдық және қаржы ресурстарды (ағын су, жанар-жағармай, трактор қызметтері, жөндеу және қосалқы бөлшектер, суаруға және шабыққа 2–3 рет еңбекақы шығындарын: 1 га 25–27 мың теңге, т.б.) үнемдеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жаңа технологияның өзіне тән шығындары бар. Бұларға тұқымдың шиттің 2 есе артық жұмсалуды, электроэнергия, қолмен шырпу және өнімді қолмен жинау, пленка, жүйекаралық түтіктер, кәсіби деңгейі жоғары маман қызметтері, т.б., жатады. Бұл технологияны сорланған, құнарлы төмен жерлерді қолдану тиімділігін төмендетеді.

Өндірістік-эксперименттің нәтижелері төмендегідей: жоғары өнімділік, ресурстар үнемділігі және экономикалық тиімділігі мен еңбек өнімділігінің салыстырмалы еселеп артқан (1-кесте).

1-кесте. Тамшылатып суаруға негізделген жаңа технологияның экономикалық тиімділігі

Тиімділік көрсеткіштері	Жаңа технология	Жай технология	Ауытқулар (+,-)
1 га алынған өнім, ц/га	50,0	21,5**	+28,5
Өнімді сатудың орташа бағасы, т/мың теңге	50,0	50,0	0
1 га жалпы ақшалай түсім, мың теңге	250,0	107,5	2,3 есе
1 га шығындар құны, мың теңге	153,1	92,0	1,6 есе
1 га ақшалай табыс, мың теңге	96,9	13,5	7,2 есе
1 га таза табыс, мың теңге	94,7	11,3	8,4 есе
Пайдалылық деңгейі, %	61,8	17,1	3,6 есе

Ескертпе – «Қараспан» ШҚ және ОҚО статистика агенттігінің мәліметтері бойынша автор құрастырған
 ** - ОҚО көрсеткіштері (2004-2008)

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей 1 га шығындар құны 153,1 мың теңгені құрап, жай технологиямен салыстырғанда 1,6 есе артқан. Көрсетілген еңбек шығынының басым бөлігі шитті-мақтаны қолмен жинауға, жүктеуге жұмсалған. Жалпы өнім 300,0 тоннаны құраған, оны қолмен жинау үшін жұмсалған қаржы 3,4 млн. теңге, 1 га еңбек шығыны 56,6 мың теңге, жалпы шығынның 37,2 % құраған. Бұл шығындар 1 га түсімнің 2,3 есе артуымен қайтарылған және қомақты пайда алынған. Жай технологиямен салыстырғанда оңтайлы көрсеткіштер еселеп артқан яғни өнімділік 50 ц. құраған, ағын су 4-5 есе үнемделген, таза табыс, пайдалылық деңгейі тиісінше 2,6, 3,7 есе артқан.

Енді мақсат шитті мақтаны жинауды индустриалды-тасқынды технологияға өткізіп қолмен жинау және жүктеу шығындарын қысқарту жолымен жаңа технологияның еңбек өнімділігін және тиімділігін еселеп арттыру.

Өңірде 2010 жылы осы тәжірибенің нәтижелерін негізге алып, жаңа технологиямен мақта өсіруді 20 мың га жеткізу жобаланған. Мақта кешенінің болашағы жаңа техника мен технология негіздерінде даму табатындығын осы жаңа қағидаттарға негізделген тәжірибе көрсетті. Бұл технологияның тиімділігі басқа дақылдарды өсіріп: көкөніс, бақша, жүгері, бау-жүзім өндіруде тиімділігі жоғары.

1. Н.Ә. Назарбаев. “Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері” Халыққа Жолдауы // Егемен Қазақстан, №34-35, 30 қаңтар 2010.
2. К. Маркс., Ф. Энгельс., Жинақтары. – Т9 – Б. 227.
3. К. И. Лапкин., Интенсификация хлопководства и пути ее эффективности, Ташкент, Фан, №6, 7, 1973г.
4. Г. М. Калымкулова., Экономика орошаемого земледеля. – Алматы: Кайнар. – 1976.
5. Сарсенбаев С. М., Водное хозяйство Казахстана. – Алматы: Кайнар. – 1971.
6. В. Ф. Бугаевский., Краткий исторический очерк магистрального канала им. Кирова, АН УзССР, вып. 6 – 1957.
7. Народное хозяйство СССР за 70 лет., Юбилейной статистический ежегодник, Госкомитет СССР по статистике. – Москва: Финансы и статистика. – 1987.
8. ОҚО статистикалық басқармасы, ОҚО әлеуметтік-экономикалық дамуы, Шымкент, 2004-2008ж.ж.

В статье излагаются новые подходы повышения производительности труда орошаемого земледелия, обоснованные на принципиально новой технологии - капельном орошении возделывания хлопчатника.

In article are stated the new approaches of increasing of increasing the irrigated husbandry labour capacity, they are motivated on the principal of the new technology, the drop irrigation of cotton plant cultivation.

УДК 631.08.20

МАТЕРИАЛЬНО-ТЕХНИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПРОИЗВОДСТВА КОНКУРЕНТОСПОСОБНОЙ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ ПРОДУКЦИИ КАЗАХСТАНА

Нарынбаева А.С.

Анализ показывает, что за последние годы агропромышленный комплекс Казахстана характеризуется ростом эффективности производства, развитием рынка финансовых услуг, улучшением качества жизни сельского населения.

Ежегодно увеличиваются инвестиции в основной капитал сельского хозяйства. В растениеводстве проводится работа по осуществлению структурной и технологической диверсификации, расширению посевных площадей приоритетных сельскохозяйственных культур для обеспечения продовольственной безопасности и увеличению производства экспортоориентированной конкурентоспособной продукции.

В отрасли животноводства увеличивается рост всех видов животных и производство продукции. Однако, более 70% от всего поголовья находится в личных подсобных хозяйствах, низким остается удельный вес племенного поголовья, примитивные технологии содержания и кормления животных, устаревшая технология производства и переработки продукции, низкий уровень механизации и автоматизации процессов в животноводстве; недостаточное развитие специализированных хозяйств со средне- и крупнотоварным производством; слабая кормовая база, недостаток полноценных кормов и как следствие, низкая продуктивность скота и птицы.

Современное состояние перерабатывающей отрасли можно оценить как стабильное и имеющее значительный потенциал для роста производства. Объем производства пищевой промышленности в 2009 году по сравнению с 2008 годом увеличился: производство муки – на 9,6%, колбасных изделий – на 4,7%, консервов мясорастительных – на 6,4%, сахара – 30%, маргарина -17,6%, овощных консервов - на 10,8%.

Продолжается работа по улучшению качества производимой продукции и переходу предприятий на международный стандарт.

Имеется ряд проблем: высокая степень износа технологического оборудования предприятий по переработке сельхозпродукции, низкий уровень промышленной переработки сельскохозяйственного сырья и недозагруженность мощностей перерабатывающих предприятий из-за отсутствия качественного сырья, недостаточный уровень конкурентоспособности продуктов переработки и как результат высокая доля импорта.

Проводится работа по обновлению машинно-тракторного парка, приобретение высокопроизводительной, энергосберегающей техники позволяющей повысить энергообеспеченность сельскохозяйственного производства с 2002 года на 19,4%.

Однако, существующий парк сельскохозяйственных машин имеет износ до 80%, при среднем сроке службы основной техники 8-10 лет, возрастной состав тракторов более 10 лет эксплуатации составляет около 94,5%, зерноуборочных комбайнов -77,7%. При этом ежегодное обновление тракторов составляет в среднем – 0,87%, зерноуборочных комбайнов -3,2%.

Следует отметить, что рыночный механизм не способен самостоятельно отрегулировать рынок сельхозтехники без государственного регулирования, а при его недостатке возникли следующие проблемы: диспаритет цен на промышленную продукцию машиностроения и сельского хозяйства; низкая платежеспособность товаропроизводителей; низкой загруженностью производственных мощностей и высокой стоимостью энергоносителей; введение